Бекітемін

«LiTRO RSA» ЖШС директоры

Соболь Ю.В. _____

2026 жылғы «16» шілде

Егер қандай да бір себеппен осы Пайдаланушы келісімінің (Жария офертаның) және Құпиялылық саясатының талаптарымен келіспесеңіз, https://litro.kz сайтын пайдаланбаңыз және тіркелмеңіз.

ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

Алматы қаласы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389, 395 және 396-баптарына (бұдан әрі – «ҚР АК») сәйкес https://litro.kz/contract интернет-мекенжайында тұрақты орналастырылған Пайдаланушы келісімі және «LiTRO RSA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің («LiTRO RSA» ЖШС), БСН 240540018445 (бұдан әрі – Орындаушы), Жарғы негізінде әрекет ететін директор Соболь Ю.В. атынан жасалған ресми ұсынысы (жария офертасы) болып табылады және Орындаушының https://litro.kz интернет желісіндегі сайтын (бұдан әрі – Сайт) және/немесе Орындаушының «LiTRO» мобильді қосымшасын (бұдан әрі – Бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ)) пайдаланатын кез келген мүдделі кәмелетке толған (эмансипацияланған) жеке тұлғаға (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) осы Келісімді (бұдан әрі мәтін бойынша – «Оферта» және/немесе «Келісім») төменде көрсетілген талаптармен жасасуды ұсынады. Бірлесіп аталған Келісім тараптары бұдан әрі «Тараптар» деп аталады.

Осы Келісімнің талаптары Орындаушымен осы Офертада айқындалғандықтан және оларды кез келген мүдделі кәмелетке толған (эмансипацияланған) жеке тұлға тек ұсынылған Келісімге тұтастай қосылу арқылы, ешқандай алып тастауларсыз және шектеулерсіз ғана қабылдай алатындықтан, Келісім Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларымен реттеледі. Осы Оферта Сайтта орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Орындаушы осы Келісімде көзделген тәртіппен кез келген уақытта өз қалауы бойынша Офертаның талаптарын өзгертуге немесе оны кері қайтарып алуға құқылы.

ҚР АК-нің 395 және 396-баптарына сәйкес Офертаны акцептеу Сайтта/БҚ-да орналастырылған осы Офертада баяндалған талаптарда Келісім жасасуға теңестіріледі. Осы Оферта талаптарымен Орындаушы жасасуды ұсынған Келісім Тапсырыс беруші Офертада оның акцепті ретінде айқындалған әрекеттерді (бұдан әрі – **Акцепт**) жасаған сәттен бастап жасалған болып есептеледі:

∨ Осы Келісімнің Сайты/БҚ-ны пайдалану талаптарын белгілейтін шарттарымен танысу және Сайтта/БҚ-да өтінім беру мен тіркелу кезінде «Мен Пайдаланушы келісімінің талаптарын қабылдаймын және менің дербес деректерімді өңдеуге келісім беремін», не «өтінім беру», не «тіркелу» немесе «тіркеу» батырмасын, не Тапсырыс берушінің Орындаушыдан сервистерді ұсынуға/алуға келісімін және тікелей ерік білдіруін растайтын өзге де ұқсас батырмаларды басу арқылы;

∨ Тапсырыс берушінің Келісімде айқындалған тәртіппен Жазылым үшін төлем жасау арқылы Оферта талаптарымен келісімін білдіруі, бұл ретте Тапсырыс берушінің Офертаны акцептеген күні (Келісім жасалған күн) болып ақшалай қаражаттың Орындаушының есеп айырысу шотына түскен күні есептеледі;

∨ Тапсырыс берушінің Сайтта/БҚ-да Жазылым бойынша сервисті көрсетуге өтінім беруі: дұрыс және өзекті деректерді, аты-жөнін және/немесе тегін (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес), телефон нөмірін, банк картасының деректемелерін тіркеу нысанына енгізуі және осы Келісімнің талаптарын қабылдағаны туралы тиісті белгіні қоюы.

Назарларыңызға ұсынамыз, тіркеу рәсімінен өтпей және осы Келісіммен танысқанын әрі оны қабылдағанын (келіскенін) білдіретін тиісті белгіні қоймай, оның ішінде Орындаушы мен осы сенім

білдірілген тұлғалар арасында жасалған шарттардың негізінде әрекет ететін Орындаушының сенім білдірілген тұлғаларына (бұдан әрі – Агенттер/Контрагенттер[1]) жүгіну арқылы, Төлем жасау рәсіміне және (немесе) Өтінім беру рәсіміне қол жеткізу ұсынылмайды.

Осы Офертаның талаптарын сөзсіз және толық қабылдау (Акцепт) болып Тапсырыс берушінің осы Офертада Акцепт ретінде көзделген кез келген әрекетті жасауы, оның ішінде Сайтта/БҚ-да тіркелуі, Өтінім беруі, Оферта талаптарымен келісетіні туралы белгіні қоюы және/немесе егер тиісті Жазылым талаптарында көзделген болса, Тапсырыс берушінің Жазылым үшін төлем жасауы есептеледі.

Орындаушы Оферта талаптарына өзгерістер енгізген жағдайда, егер Орындаушы өзгерістер туралы тиісті хабарламада өзге мерзімді көрсетпесе, өзгерістер Офертаның өзгертілген талаптары Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Мұндай хабарламаны Орындаушы өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әрбір Тапсырыс беруші ұсынған (ерікті негізде) өзі туралы байланыс ақпараты және Офертаға қосылу/Келісімге қол қою арқылы Орындаушыдан осындай хабарламаларды алуға берген келісімі негізінде әрбір Тапсырыс берушінің мекенжайына жібереді.

Тапсырыс беруші осы Офертаға өзгерістер енгізілуі Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған және қолданыстағы Келісімге де осындай өзгерістердің енгізілуіне әкеп соғатынымен келіседі және оны мойындайды, әрі мұндай өзгерістер Офертадағы өзгерістер күшіне енген сәттен бастап бір мезгілде күшіне енеді. Тапсырыс берушінің осы Офертаның талаптарымен және (немесе) оған енгізілген өзгерістермен танысу жөніндегі әрекеттерді жүзеге асырмауы Тапсырыс берушінің өз міндеттемелерін орындамауына және осы Келісімде белгіленген шектеулерді сақтамауына негіз бола алмайды.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Келісімде, егер мәтіннен өзгеше тікелей туындамаса, төменде көрсетілген терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

Әкімшілік (бұдан әрі – **Әкімшілік/Орындаушы**) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және Сайттың иесі (құқық иеленушісі) болып табылатын заңды тұлға («LiTRO RSA» ЖШС, БСН 240540018445).

Құпия ақпарат (бұдан әрі – **Құпия ақпарат**) – аппараттық бөлік пен бағдарламалық қамтамасыз ету, экрандар, техникалық сипаттамалар, дизайндар, жоспарлар, сызбалар, деректер, прототиптер, жаңалықтар, зерттеулер, әзірлемелер, әдістер, процестер, рәсімдер, курстар, мастер-кластар мен вебинарлар, жетілдірулер, «ноу-хау», конфигурациялар, маркетингтік тәсілдер, сондай-ақ жоспарлар туралы техникалық және коммерциялық ақпаратты, ауызша, көрсетілімдік, жазбаша, графикалық немесе машинамен оқылатын нысандағы материалдарды қамтитын, жарияланбаған, көпшілікке және (немесе) сауда айналымына қолжетімді емес, жария етуші тарап үшін құпия және қызметтік ақпарат ретінде сақталатын ақпарат.

Жазылым – Орындаушы осы Келісімге және Орындаушының Қағидаларына сәйкес автокөлік иелеріне (Клиенттерге) ұсынатын сервистер кешені. Жазылым сервистерінің нақты құрамы Орындаушы ұсынатын Жазылым түрлеріне сәйкес Тапсырыс берушімен айқындалады.

Сайт/БҚ – Тапсырыс берушіге Орындаушының сервистеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін Сайт пен бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын Орындаушының бағдарламалық-аппараттық құралдарының жиынтығы. Орындаушының Сайтқа/БҚ-ға, олардың мазмұны мен құрамдас бөліктеріне қатысты құқықтары Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы заңнамасымен қорғалады. Тапсырыс берушінің Сайтты/БҚ-ны пайдалануы оған Орындаушының зияткерлік меншік объектілеріне қандай да бір құқықтардың берілуіне әкеп соқпайды.

Орындаушының сервисті көрсетуге арналған өтінімін тіркеу (бұдан әрі – **Өтінімді тіркеу, Келісім жасасу**) – Сайтта/БҚ-да тіркелу процесі Тапсырыс берушінің нысанды толтыруын, Орындаушының кейіннен сервистерді көрсетуі үшін өзімен байланысу мақсатында өзінің деректерін қалдыруын білдіреді, бұл ретте Тапсырыс беруші тікелей Орындаушыға не

[1] Осы және өзге де терминдер, оның ішінде Орындаушының Қағидаларында көрсетілген.

Орындаушының Агенттеріне/Контрагенттеріне жүгінеді. Тапсырыс беруші Келісімді жасасу және (немесе) Өтінімді тіркеу кезінде көрсететін барлық мәліметтер дұрыс болуы тиіс. Егер мұндай деректердің дұрыстығына күмән туындаса, Орындаушы сервисті көрсету мерзімінің бүкіл кезеңі ішінде қосымша мәліметтерді сұратуға және (немесе) олардың расталуын талап етуге құқылы. Сұрау салу Келісім жасасу және (немесе) Өтінімді тіркеу кезінде көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу немесе SMS хабарлама жіберу арқылы не Келісім талаптарына қайшы келмейтін өзге тәсілмен Тапсырыс берушіге жіберіледі.

Орындаушының сервисті көрсетуіне онлайн төлем арқылы төлемді тіркеу (бұдан әрі – **Төлемді тіркеу**) – Сайтта/БҚ-да онлайн төлем сервистері арқылы төлемді тіркеу процесі Тапсырыс берушінің қажетті нысанды толтыруын және Орындаушының Жазылымы үшін төлем жасау мақсатында өзінің деректерін қалдыруын білдіреді. Тапсырыс беруші Келісімді жасасу және (немесе) Төлемді тіркеу кезінде көрсететін барлық мәліметтер дұрыс болуы тиіс. Егер мұндай деректердің дұрыстығына күмән туындаса, Орындаушы сервисті көрсету мерзімінің бүкіл кезеңі ішінде қосымша мәліметтерді сұратуға және (немесе) олардың расталуын талап етуге құқылы. Сұрау салу Өтінімді тіркеу немесе Төлемді тіркеу кезінде көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу немесе SMS хабарлама жіберу арқылы Тапсырыс берушіге жіберіледі.

Орындаушының Қағидалары – https://litro.kz/club-rules мекенжайында орналастырылған, осы Келісіммен қамтылмаған Орындаушының сервистеріне қол жеткізуді ұсынудың жекелеген аспектілерін реттейтін Орындаушының ішкі нормативтік құжаты. Қағидалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. СЕРВИСТІҢ МӘНІ, ҚҰНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ. ОФЕРТАНЫ АКЦЕПТТЕУ

2.1. Осы Офертаның талаптарына сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушіге өзі немесе Агенті/Контрагенті арқылы сатып алынған Жазылым құрамына енгізілген тікелей сервистердің тізбесіне сәйкес Жазылымға қолжетімділік беруге міндеттенеді.

2.2. Тапсырыс беруші Орындаушыға қолма-қол ақшасыз төлемді банк картасы арқылы Орындаушының Сайты/БҚ арқылы не тікелей Орындаушының Агентіне/Контрагентіне Агент/Контрагент айқындайтын тәсілдермен жүзеге асырады.

2.3. Жазылымның құны ҚҚС-сыз теңгемен белгіленеді және Тапсырыс берушіге Жазылымды сатып алған күні Орындаушы және (немесе) Агент/Контрагент тарапынан хабарланады (ұсынылады).

2.4. Жазылым Орындаушының шотына ақшалай қаражат түскен күннен бастап немесе егер төлемді Тапсырыс беруші тікелей осындай Агентке/Контрагентке жүзеге асырса, Орындаушының Агенті/Контрагенті Жазылым үшін төлемді растаған күннен бастап төленген болып есептеледі. Бұл ретте Жазылымды белсендіру Орындаушы Тапсырыс берушіден тікелей немесе Агент/Контрагент арқылы барлық қажетті деректерді, құжаттарды және (немесе) рұқсаттарды алғаннан кейін, атап айтқанда оларды алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жүзеге асырылады.

2.5. Егер Жазылым ақылы негізде ұсынылса, Офертаның Акцепті Тапсырыс беруші Жазылым үшін толық соманы төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі, бұл ретте Келісім осы Офертаның талаптарымен жасалған болып саналады. Егер Жазылым Тапсырыс берушіге тегін ұсынылса, оның ішінде акция, сериктестік бағдарлама немесе Орындаушының Агентімен/Контрагентімен жасалған өзге де келісім шеңберінде, Офертаның Акцепті Жазылым тіркелген, Өтінім берілген, Жазылым белсендірілген күннен бастап және/немесе Тапсырыс берушінің осы Оферта талаптарымен келісетінін растайтын өзге де әрекетті жасаған күннен бастап жасалған болып есептеледі.

2.6. Орындаушы төлем операцияларын жүргізу барысында Тапсырыс берушінің тікелей банкке немесе төлем жүйесіне өз бетінше ұсынған деректерінің дұрыстығы үшін жауапты болмайды. Орындаушы Тапсырыс берушінің деректерін өңдеу бөлігінде Агенттің/Контрагенттің әрекеттері үшін Орындаушы Қағидаларының ережелеріне сәйкес жауапты болады.

2.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің банкке, төлем жүйесіне немесе Агентке/Контрагентке сервистер үшін төлем жасау кезінде туындайтын банктік немесе өзге де комиссиялар үшін жауапты болмайды. Сондай-ақ Орындаушы Тапсырыс берушінің банк, төлем жүйесі немесе Агент/Контрагент арқылы жүзеге асыратын сервистер үшін төлем жасау процесінің сақталуы мен сәтті аяқталуы үшін жауапты болмайды.

3. СЕРВИСТІ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАП АЛУ-ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ

3.1. Жазылым бойынша сервистің тікелей алушысы Тапсырыс беруші болып табылады.

3.2. Жазылымға сәйкес белгілі бір сервисті ұсыну туралы Өтінім Сайтта/БҚ-да немесе Орындаушының Call Center-і арқылы ресімделеді және онда Жазылым, оның құрамына кіретін сервистің атауы, сервисті көрсету орны және Тапсырыс берушінің деректері (Тапсырыс берушінің Т.А.Ә., телефон нөмірі және т.б.) көрсетіледі.
3.3. Егер Тапсырыс беруші Орындаушы тікелей сервисті көрсетуді аяқтағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілген сервистердің кемшіліктерін көрсете отырып, Орындаушыға наразылық білдірмесе, онда сервистер Орындаушы тарапынан уақтылы, тиісінше, толық көлемде көрсетілген және Тапсырыс беруші тарапынан қарсылықтарсыз және ескертулерсіз қабылданған болып есептеледі.
3.4. Жазылым құрамына кірмейтін сервистер Тапсырыс берушіге бір реттік ақылы негізде ұсынылуы мүмкін және оларды реттеу Орындаушының Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орындаушы міндетті:
4.1.1. Тапсырыс берушіге Жазылым құрамына кіретін сервистерге тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн режимінде немесе Қағидаларда көрсетілген өзге режимде, тиісті сапада және осы Келісімнің талаптарына сәйкес қолжетімділік беруге.
4.1.2. Тапсырыс беруші Өтінімде көрсеткен электрондық пошта мекенжайы немесе телефон нөмірі арқылы не заңнамада тыйым салынбаған өзге тәсілмен Тапсырыс берушіні Жазылым бойынша сервисті көрсету орнының және (немесе) күні мен уақытының өзгеруі туралы хабардар етуге.
4.1.3. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, белгіленген мерзім ішінде сервистің көрсетілмеуі, сондай-ақ Орындаушыға байланысты емес себептер бойынша оны көрсету мүмкін болмауы не Келісімде және (немесе) Орындаушының Қағидаларында көзделген өзге де жағдайларда көрсетілмеген сервисті көрсетуге қатысты өзге күнді, уақытты және (немесе) орынды Тапсырыс берушімен келісуге.
4.1.4. Тапсырыс берушіден Орындаушының атына да, Агенттің/Контрагенттің атына да (Орындаушы көрсететін қызметтер бойынша) кез келген өтініштер келіп түскен жағдайда, Агентті/Контрагентті қандай да бір талқылауларға тартпай, Тапсырыс берушінің мәселелерін жедел шешу мақсатында мұндай өтініштерді өз бетінше қарау міндетін өзіне қабылдайды. Бұл ретте Тапсырыс беруші алғаш рет Агентке/Контрагентке жүгінген жағдайда, Агент/Контрагент Тапсырыс берушіге Жазылым бойынша қызметтерді көрсету тәртібін түсіндіруге (қажет болған жағдайда қайта түсіндіруге) және оны Орындаушыға жіберуге, кейіннен Орындаушыны Тапсырыс берушінің жүгінгені туралы хабардар етіп, Орындаушының Тапсырыс берушімен тікелей байланысуы үшін оның байланыс деректерін ұсынуға міндеттенеді.

4.2. Орындаушының құқықтары:
4.2.1. Жазылым бойынша сервисті көрсету әдістері мен тәсілдерін дербес айқындауға, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, Жазылым бойынша сервистерді ұсыну талаптарына өзгерістер енгізуге.
4.2.2. Орындаушыға байланысты емес себептер бойынша, Тапсырыс берушіні Келісім жасасу кезінде ұсынған электрондық пошта мекенжайы немесе телефон нөмірі арқылы не Тараптар үшін ыңғайлы және заңнамада тыйым салынбаған өзге тәсілмен хабардар ете отырып, сервисті көрсету орнын, күнін және уақытын өз қалауы бойынша ауыстыруға.
4.2.3. Сервистерді көрсету барысында фото- және бейнетүсірілім жүргізуге, алынған материалдарды өзінің тікелей қызметінде кез келген тәсілмен, оның ішінде Интернет желісінде (Сайтта/БҚ-да, әлеуметтік желілерде және т.б.), өзге де жарнамалық, ақпараттық және маркетингтік материалдарда пайдалануға, бұқаралық ақпарат құралдарына беруге және т.б. құқылы. Тапсырыс берушінің бейнесін жарнамалық, маркетингтік және өзге де коммерциялық мақсаттарда пайдалану тек Тапсырыс берушінің бөлек жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін, мұндай келісімді Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып ала алады. Мұндай келісім болмаған жағдайда фото- және бейнематериалдар тек ішкі мақсаттарда пайдаланылады және Тапсырыс берушінің жеке басын және оның көлік құралын сәйкестендіру мүмкіндігін болдырмайтындай түрде иесіздендіріледі.
4.2.4. Тапсырыс берушінің келісімін алмай-ақ сервисті көрсетуге үшінші тұлғаларды тартуға, бұл ретте олардың әрекеттері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болып қалуға.
4.2.5. Осы Келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Жазылымды немесе оның бір бөлігін төлемеген Тапсырыс берушіге Жазылым бойынша сервисті көрсетпеуге.

4.2.6. Жазылымның қолданылу мерзімі аяқталған кезде, сондай-ақ Келісімде және (немесе) Қағидаларда көзделген өзге де жағдайларда Жазылым бойынша сервисті көрсетуден бас тартуға.
4.2.7. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының зияткерлік меншік объектілерін (логотиптерді, фирмалық материалдарды, технологияларды) қамтитын аудио/бейне/мәтіндік материалдарды Орындаушымен жазбаша келісімсіз Интернет желісінде және әлеуметтік желілерде жарияласа, Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы заңнамасына сәйкес мұндай материалдарды жоюды, құжатпен расталған залалдардың өтелуін талап етуге және Жазылымның күшін жоюға құқылы. Осы тармақ Тапсырыс берушінің көрсетілген сервистер туралы пікірлері мен пікірталастарын жариялау құқығын шектемейді.
4.2.8. Орындаушының Қағидаларында көзделген жағдайларда Жазылымның қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:
4.3.1. Орындаушыны Келісімнің мәніне қатысты барлық мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуге, Орындаушының Жазылым бойынша сервисті көрсетуі үшін маңызы бар өзі туралы дұрыс ақпаратты ұсынуға, Келісімнің 7-бөлімінде баяндалған кепілдіктерді бұзғаны үшін жауапкершілік көтеруге.
4.3.2. Сервис көрсетілетін жерде орналасқан Орындаушының мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге және өзінің әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен не Орындаушыны ықтимал тәуекелдер және Орындаушының мүлкінің сақталуына әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы уақтылы ескертпеуі салдарынан келтірілген залалды Орындаушыға толық көлемде өтеуге. Орындаушының мүлкіне зақым келтіру фактісі болған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының тиісті талабын жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде келтірілген зақымдарды жою құнын, ал мұндай зақымдарды жою мүмкін болмаған жағдайда Орындаушы мүлкінің толық құнын өтеуге міндеттенеді.
4.3.3. Осы Келісімде көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде Жазылым үшін төлем жасауға.
4.3.4. Жазылым бойынша ұсынылатын сервис шеңберінде Орындаушының талаптары мен ұсынымдарын орындауға.
4.3.5. Орындаушы Жазылым бойынша сервисті көрсету кезінде тәртіптің және жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге.
4.3.6. Ауруына немесе өзге де дәлелді себептердің болуына байланысты келісілген уақытта, жерде және күні сервисті алу мүмкін еместігі туралы Орындаушыны электрондық пошта арқылы, телефон арқылы немесе Тараптар тыйым салмаған өзге тәсілмен сервисті көрсету үшін белгіленген уақыттан кемінде 2 (екі) сағат бұрын алдын ала хабардар етуге, растайтын құжаттарды ұсынуға (Орындаушы талап еткен жағдайда) және Орындаушымен осы сервисті көрсетудің жаңа уақытын, орнын және күнін келісуге.
4.3.7. Егер Тапсырыс беруші Орындаушының зияткерлік меншік объектілерін (логотиптерді, фирмалық материалдарды, технологияларды) қамтитын аудио/бейне/мәтіндік материалдарды Орындаушымен жазбаша келісімсіз Интернет желісінде және әлеуметтік желілерде жариялаған жағдайда, Орындаушыға өзі талап еткен құжатпен расталған залалдарды Орындаушы көрсеткен мерзімдерде өтеуге. Осы тармақ Тапсырыс берушінің көрсетілген сервистер туралы шынайы пікірлер мен көзқарастарды жариялау құқығын шектемейді, егер мұндай пікірлер мен көзқарастар Орындаушының құқықтарын, үшінші тұлғалардың құқықтарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзбаса.

4.4. Тапсырыс берушінің құқықтары:
4.4.1. Орындаушыдан Келісімге сәйкес Жазылым бойынша сервистерді тиісінше көрсетуді талап етуге.
4.4.2. Жазылым бойынша сервисті көрсету мәселелері бойынша толық және дұрыс ақпарат алуға.
4.4.3. Жазылым сатып алынған және (немесе) белсендірілген күннен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде, тек Жазылым құрамына кіретін сервистердің ешқайсысы пайдаланылмаған жағдайда ғана, Қағидаларда көзделген тәртіпке сәйкес Жазылым құнын қайтаруды жүзеге асыруға. Қайтару туралы өтінішті беру тәртібі, оның ішінде оның нысанына және оған қол қою тәсіліне қойылатын талаптар Орындаушының Қағидаларымен айқындалады. Тапсырыс беруші өтінішті бергенге дейін көрсетілген тәртіппен танысуға міндетті.

5. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

5.1. Осы Келісім Жазылымның қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін қолданылады.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

6.1. Келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.
6.2. Егер Келісім бойынша міндеттемелердің ішінара немесе толық орындалмауы заңнамада белгіленген тәртіппен расталған, Келісім бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауға кедергі келтіретін төтенше және тойтарылмайтын мән-жайлардың салдарынан туындаса, Тараптар мұндай міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
6.3. Сервисті көрсетуге байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен реттелуге тиіс. Наразылық (талап қоюға дейінгі) тәртібін сақтау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Наразылықты қарау мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.
6.4. Даулар талап қоюға дейінгі тәртіппен реттелмеген жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушының орналасқан жері бойынша сотқа жүгінуге құқылы.

7. ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАР

7.1. Тапсырыс беруші Келісімге сәйкес Жазылым бойынша сервисті алуға кедергі келтіретін қандай да бір мән-жайлардың жоқ екеніне кепілдік береді.
7.2. Егер қандай да бір себептермен Офертаның бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз немесе заңды күші жоқ болып танылса, мұндай жарамсыздық күшінде қалатын Офертаның өзге ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді.
7.3. Офертаның талаптарына қайшы келмей, Тапсырыс беруші мен Орындаушы кез келген уақытта Тараптардың қолдарымен қол қойылып және мөрлерімен куәландырылған екіжақты жазбаша құжат нысанында Келісімді ресімдеуге құқылы.
7.4. Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Тараптар бір Тарап екінші Тарапқа берген және осы Келісімді жасасуға және орындауға байланысты өздеріне белгілі болған, көпшілікке қолжетімді ақпарат көздерінен белгілі болуы мүмкін емес кез келген құпия ақпаратты, оның ішінде іскерлік, коммерциялық, техникалық және өзге де ақпаратты жариялamауға және оны өз мүдделерінде, сол сияқты кез келген үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбауға міндеттенеді.

8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ДЕРБЕС АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

8.1. Келісімді жасасу кезінде дербес деректерді ұсыну Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Тапсырыс берушінің дербес деректерді өңдеуге берген нақты, хабардар етілген және саналы келісімінің көрінісі болып табылады. Тапсырыс беруші жоғарыда аталған Заңға сәйкес Офертаны Акцептеу нәтижесінде Орындаушыға және (немесе) Агентке/Контрагентке Тапсырыс берушінің дербес деректеріне қатысты ақпаратты (бұдан әрі – «Дербес деректер») жинауға, сақтауға және өңдеуге, оның ішінде автоматтандырылған түрде өңдеуге, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, таратуға (оның ішінде беруге), иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға келісім береді. Дербес деректерді өңдеу Тараптардың осы Келісімді жасасуы және оны кейіннен Жазылымның қолданылу мерзімі шегінде орындауы, Келісім бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруы, Келісім Тараптарына қатысты құқықтық салдар туындататын шешімдер қабылдауы немесе өзге де әрекеттер жасауы, Тапсырыс берушіге Орындаушы көрсететін сервистер туралы ақпарат беруі, сондай-ақ Тапсырыс берушіні Орындаушы және (немесе) Агент/Контрагент әзірлейтін және (немесе) ұсынатын жаңа сервистер туралы хабардар ету мақсатында жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші Офертаны Акцептеу кезінде жарнамалық ақпаратты алуға келісім береді.
Тапсырыс берушінің Дербес деректері берілуі мүмкін үшінші тұлғалардың санаттары, оның ішінде Орындаушының Агенттері/Контрагенттері, сондай-ақ мұндай берудің шарттары мен мақсаттары Сайтта орналастырылған Құпиялылық саясатында көрсетілген.

8.2. Тапсырыс берушінің дербес деректерді өңдеуге қатысты Офертаның 8.1-тармағында берілген келісімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, тиісті ақпаратты немесе жоғарыда көрсетілген ақпаратты қамтитын құжаттарды сақтау мерзімдері аяқталғанға дейін Орындаушыға беріледі. Келісім Тапсырыс берушінің Орындаушының Қағидаларына сәйкес Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберуі арқылы кері қайтарып алынуы мүмкін.
8.3. Осы Офертамен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.
8.4. Тапсырыс беруші осы Офертамен танысқанын және оның ережелерімен келісетінін растайды.
8.5. Тараптар осы Офертада Тапсырыс беруші мен Орындаушы көрсеткен электрондық пошта мекенжайларына жіберілген хат-хабарларды заңды маңызы бар деп таниды.
8.6. Орындаушы алатын және Тапсырыс беруші ұсынған ақпаратты пайдалану, ақпаратты сақтау мерзімі:
1) Орындаушы ақпаратты:
- Тапсырыс берушіні Сайтта/БҚ-да тіркеу үшін;
- Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін;
- Сайттың/БҚ-ның жұмысын бағалау және талдау үшін;
- кейіннен дербестендірілген ұсыныстарды сегменттеу мақсатында сатып алу тарихын талдау үшін пайдаланады.
2) Дербес деректерді сақтау мерзімі Сайтта орналастырылған Құпиялылық саясатына сәйкес айқындалады: егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Келісімде өзге мерзім белгіленбесе, Дербес деректер оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгенге дейін сақталады. Өңделуі бухгалтерлік, салықтық есепке алумен немесе Орындаушының заңнамада белгіленген өзге де міндеттерімен байланысты Дербес деректердің жекелеген санаттары Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасында белгіленген мерзімдер ішінде сақталады.
8.7. Орындаушы алған ақпаратты жария ету:
1) Орындаушы Тапсырыс берушіден алынған ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді. Орындаушының ақпаратты Агенттерге/Контрагенттерге беруі, сондай-ақ Орындаушының Агенттерден/Контрагенттерден Тапсырыс берушілер туралы ақпарат алуы міндеттемені бұзу болып есептелмейді.
2) Қазақстан Республикасы заңнамасының негізделген және қолданылатын талаптарына сәйкес ақпаратты жария ету, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, соттарға, банктерге, төлем ұйымдарына, Орындаушының Агенттеріне/Контрагенттеріне және өзге де тұлғаларға ақпарат беру, егер мұндай ақпаратты беру осы Келісімді орындау, Жазылым бойынша сервистерді көрсету, есеп айырысуларды жүзеге асыру, Тапсырыс берушінің өтініштерін қарау және (немесе) Орындаушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, міндеттемені бұзу болып есептелмейді.
8.8. Орындаушы Сайтта орналастырылған Құпиялылық саясатында белгіленген мақсаттарда, тәртіппен және шарттарда «cookies» технологиясын және өзге де қадағалау технологияларын пайдалануға құқылы. Осындай технологияларды пайдалана отырып жиналатын ақпарат Құпиялылық саясатында көрсетілген үшінші тұлғаларға - аналитикалық сервистерді жеткізушілерге берілуі мүмкін.
8.9. Орындаушы Сайтқа кірушінің IP-мекенжайы туралы ақпаратты желілік ресурстарды пайдалану туралы деректердің құрамында алады, оларды өңдеу Сайтта орналастырылған Құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.
8.10. Орындаушы Тапсырыс берушінің Сайтта жалпыға қолжетімді нысанда банкке, төлем жүйесіне немесе Агентке/Контрагентке ұсынған мәліметтері үшін жауапты болмайды.
8.11. Орындаушы Тапсырыс берушінің логині мен құпиясөзі үшінші тұлғаға белгілі болуы салдарынан Тапсырыс беруші шегуі мүмкін кез келген залал үшін жауапты болмайды.
8.12. Егер Орындаушыда Тапсырыс берушінің есептік жазбасын үшінші тұлға немесе зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланып отыр деген күдік туындаса, Орындаушы бұл туралы кейіннен Тапсырыс берушіні хабардар ете отырып, Тапсырыс берушінің құпиясөзін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.
8.13. Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы осы Келісіммен тікелей реттелмеген барлық өзара қатынастар Қағидаларға сәйкес реттеледі. Дербес деректерді өңдеу бөлігінде Тараптар Сайтта орналастырылған Құпиялылық саясатын да басшылыққа алады. Осы Келісім мен Құпиялылық саясаты арасында Дербес деректерді өңдеу талаптары бөлігінде қайшылықтар болған жағдайда, осы мәселені реттейтін арнайы құжат ретінде Құпиялылық саясаты басымдыққа ие болады.

«LiTRO RSA» ЖШС
Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы,
Хаджи Мұқан көшесі, 70-үй, пошталық индексі 050059
БСН 240540018445
ЖСК KZ8896502F0017745480
Алматы қаласындағы «ForteBank» АҚ филиалы
БСК IRTYKZKA
КБе 17
E-mail:
- қаржы бөлімі және бухгалтерия: finance@litro.kz
- маркетинг бөлімі: marketing@litro.kz
- заң бөлімі: legal@litro.kz
- сапаны бақылау қызметі: info@litro.kz